

Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы: 8.1А Көпбұрыштар. Төртбұрыштарды зерттеу		Мектеп: №12 орта мектеп	
Күні: 17.04.2019.	Мұғалімнің аты – жөні : Ұзақбаев Е.С.		
СЫНЫП: 8	Қатысқандар:	Қатыспағандар:	
Сабақтың тақырыбы	Үшбұрыштың орта сызығы		
Оқу мақсаттары	8.1.1.12 Үшбұрыштың орта сызығының қасиетін дәлелдеу және қолдану		
Сабақ мақсаттары	<ul style="list-style-type: none"> - Үшбұрыштың орта сызығы туралы түсінік және оны кескіндеу - Үшбұрыштың орта сызығы мен табанының өзара байланысты - Үшбұрыштың орта сызығының қасиетін дәлелдеу және қолдану 		
Бағалау критерийлері	<p>Үшбұрыштың орта сызығы туралы түсінік және оны кескіндей алады</p> <p>Үшбұрыштың орта сызығы мен табанының өзара байланысын біледі</p> <p>Үшбұрыштың орта сызығының қасиетін біледі және қолдана алады</p>		
Тілдік мақсаттар	<p>Оқытудағы тілдік мақсаты: үшбұрыштың орта сызығының қасиетіне қатысты сөз тіркестерін пайдаланып түсіндіріледі.</p> <p>Пәнге тән лексика мен терминология: үшбұрыш, үшбұрыштың түрлері, кесіндінің ортасы, кесінді, параллель түзулер.</p> <p>Диалог пен жазу үшін пайдаланатын сөздер мен тіркестер: екі қабырғасының ортасын қосатын кесіндіні, үшбұрыштың орта сызығы үшбұрыштың үшінші қабырғасына....</p>		
Құндылықтарға баулу	Топта жұмыс істеу арқылы, ортаға бейімделеді. Өз пікірін ашық айта отырып, өзіне деген сенімі артады. Жеке тапсырмалар орындау арқылы атематикалық сауаттылығы артады.		
Пәнаралық байланыс	Көркем еңбек		
Алдыңғы білім	Үшбұрыштың теңдіктерін және түзулердің параллельгін дәлелдей алады		
Сабақ барысы			
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс – әрекет		Ресурстар
Сабақтың басы	<p>Оқушылармен сәлемдесу.</p> <p>«Гүлмен тілек» әдісі бойынша оқушылар, бір-бірлеріне тілек айтады, көңіл-күйлерін көтереді, бауырмашылдығы артады. Оқушылар гүлдің астында жазылған сөздер бойынша 3 топқа бөлінеді.</p> <p>Топтардың аты: Сүйір бұрышты үшбұрыш,</p> <p>Доғал бұрышты үшбұрыш,</p> <p>Тік бұрышты үшбұрыш.</p> <p>Әр топ өзіне берілген үшбұрыштармен жұмыс жасайды және келесі қадамдарды орындайды:</p> <p>1. Үшбұрыштың қабырғаларының ортасы болатын нүктені тауып, оны қосыңдар.</p>		


2. Үшбұрыштың орта сызығы деп қандай кесіндіні айта аламыз.
3. Берілген үшбұрыштың қабырғалары мен орта сызығын өлшеп алындар.
4. Не байқадыңыз?Қандай қасиеті туындайды?

Сабақтың ортасы

Bilimland ақпараттық ресурс арқылы тақырыпты, оқу мақсатын ашатын бейнебаян көрсетіледі. Оқушылар «Түртіп алу» стратегиясы бойынша өзіне қажетті мәліметтерді, ақпараттарды жазып алады.

<https://bilimland.kz/k/>

Теорема 1. Үшбұрыштың орта сызығы үшбұрыштың үшінші қабырғасына параллель және оның жартысына тең.



1-сурет

Сонда біз үшбұрыштың орта сызығы табанына параллель және оның жартысына тең деп болжауымызға болады. Енді бұл тұжырымды теорема түрінде дәлелдеп көрейік. Оқушылар үшбұрыштың орта сызығының қасиетін өз бетімен дәлелдеп, сабақ мақсатын өздері ашу үшін оларға «қадамдық нұсқаулық» ұсынамын.

НҰСҚАУЛЫҚ


1. ABC үшбұрышына екі MN және NK ($M \in BC$, $N \in AB$, $K \in AC$) орта сызығын жүргізіндер.
2. Фалес теоремасы мен орта сызықтың анықтамасына сүйеніп, ANMK – параллелограмм екенін дәлелдеңдер.
3. Параллелограмның қасиетін (қарама-қарсы қабырғалары тең) және орта сызық анықтамасын қолданып, теореманың дұрыс екенін

қорытындыландар

Саралау жұмысының қорытынды әдісі бойынша топтық жұмыс:

1-тапсырма

ABC үшбұрышында $BE=EC$, $AK=KC$ екені белгілі. EK орта сызығы 5 см екені белгілі болса, онда ABC үшбұрышының табанының табыңыз.



Дескриптор:

Білім алушы

- есеп шарты бойынша KE кесіндісі ABC үшбұрышының орта сызығы екенін көсетеді;
- үшбұрыштың орта сызығының қасиетін қолданадып табанын есптейді

2-тапсырма

Үшбұрыштың қабырғаларының қатынасы $5:6:7$ қатынасындай. Үшбұрыштың орта сызықтарынан салынған үшбұрыштың периметрі 36 см. Берілген үшбұрыштың қабырғаларын табыңыз.

Дескриптор:

Білім алушы

- үшбұрыштың орта сызығының қасиетін қолданады;
- периметрдің формуласын пайдаланады;
- үшбұрыш қабырғаларының қатынасын қолданып, теңдеу құрады; үшбұрыш қабырғаларын анықтайды.

Қалыптастырушы бағалау:

«Бағдаршам» оқушылардың өздерінің қаншалықты түсінгенін көрсетудің жылдам тәсілі. Оқушыларға қызыл, сары және жасыл түсті карточкалар беріледі.

Жеке жұмыс:

Қабырғаларының ұзындықтары 6см, 5см, 9см болатын үшбұрыш берілген. Төбелері берілген үшбұрыштың қабырғаларының ортасы болатын үшбұрыштың периметрін тап.

Дескриптор:

Білім алушы

- үшбұрыштың орта сызығының қасиетін қолданады;
- периметрдің формуласын пайдаланады;

Қалыптастырушы бағалау:

«Жұлдызша» әдісі бойынша бағаланады. Дұрыс жауап – үлкен жұлдызша,

	<p>маңызды емес қатесі бар – орташа жұлдызша, қатесі бар – кішкене жұлдызша.</p> <p>«Неліктен» сұрақтар әдісі. Мұғалім мен оқушыарасында кері байланыс орнайды.</p>							
<p>Сабақтың соңы</p>	<p>Қорытынды «Индекс карточкалары» әдісі. Екі беті бар карточкалар. 1-беті: өтілген тақырып бойынша негізгі идеяларды атап өтіп, оларды жинақта. 2-беті: өтілген тақырып бойынша нені түсінбегеніңді анықтап, сұрақтарыңды жаз.</p> <p>Рефлексия « Қосу, алу,қызықты» кестесін толтыру:</p> <table border="1" data-bbox="308 884 1054 1010"> <tr> <td>Қосу</td> <td>Мен үшін құнды болған мәлімет...</td> </tr> <tr> <td>Алу</td> <td>Сәтсіз болған нәрсе....</td> </tr> <tr> <td>Қызықты</td> <td>Мен үшін қызық...</td> </tr> </table>	Қосу	Мен үшін құнды болған мәлімет...	Алу	Сәтсіз болған нәрсе....	Қызықты	Мен үшін қызық...	<p>Интербелс енді тақта</p>
Қосу	Мен үшін құнды болған мәлімет...							
Алу	Сәтсіз болған нәрсе....							
Қызықты	Мен үшін қызық...							
<p>Саралау – Сіз оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?</p>	<p>Бағалау – Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы</p>						
<p>1-тапсырма: Тапсырма - Білім деңгейі әр түрлі оқушыларға арналған тапсырмалар беріледі. Оқушылардың қажеттілігіне қарай көмек беру немесе күрделі тапсырма беріп, дамыту</p> <p>2-тапсырма: Қарқын тәсілі – Кейбір оқушылар тапсырманы жылдам орындайды, қосымша тапсырма беріледі, қолдау көрсетіледі. Кейбір оқушыларға қосымша уақыт беріледі.</p> <p>3-тапсырма: Диалог және қолдау көрсету. Сөзбен қолдау көрсету және ынталандыруда маңызды рөл атқарады.</p>	<p>Қалыптастырушы бағалау: «Жұлдызша» әдісі «Бағдаршам» әдісі</p>	<p>Топтағы жұмыстарда оқушылардың тәртібі мен қауіпсіздігін сақтау. Сабақ барысында түзу және тік отыруларын қадағалау, әрбір оқушының қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауына мән беру.</p>						